

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының 2019 – 2020 жылдарға арналған негізгі бағдарларын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың тізбесі туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2019 жылғы 8 тамыздағы № 32 өкімі

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентінің 63-тармағына сәйкес және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының 2019 – 2020 жылдарға арналған негізгі бағдарлары туралы" 2019 жылғы 29 мамырдағы № 7 шешімін орындау мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының 2019 – 2020 жылдарға арналған негізгі бағдарларын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.
2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден макроэкономикалық саясатты жүргізген кезде мүше мемлекеттердің құзыретіне жатқызылған бөлікте тізбеде көзделген іс-шараларды ескеру және Еуразиялық экономикалық комиссияны олардың іске асырылу барысы туралы хабардар ету сұралсын.
3. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының 2019 – 2020 жылдарға арналған негізгі бағдарларын іске асыруға бағытталған іс-қимылдарға талдау жүргізсін және Еуразиялық экономикалық комиссияның құзыретіне жатқызылған бөлікте тізбеде көзделген іс-шаралардың орындалуын үйлестірсін.
4. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

*Армения Беларусь Қазақстан Қыргыз Ресей
Республикасынан Республикасынан Республикасынан Республикасынан
Федерациясынан*
М.Григорян И.Петришенко А.Смаилов Ж.Разаков А.Силуанов

Еуразиялық экономикалық комиссия
Кеңесінің

2019 жылғы 8 тамыздағы № 32

өкімімен

БЕКІТІЛГЕН

**Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының
2019 – 2020 жылдарға арналған негізгі бағдарларын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың
ТІЗБЕСІ**

<p>Негізгі бағдарларды іске асыруға бағытталған іс-кимыл</p>	<p>Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттердің жүзеге асыруы ұсынылатын іс-шаралар</p>	<p>Еуразиялық экономикалық комиссия жүзеге асыратын іс-шаралар</p>	<p>Күтілетін экономикалық нәтиже</p>
1-бағыт. Ішкі макроэкономикалық және қаржылық жағдайлардың болжамдылығы мен тұрақтылығын арттыру			
<p>1. Баға тұрақтылығының қолдауы</p>	<p>баға тұрақтылығына қол жеткізуге және оны ұстап тұруға бағытталған ұлттық деңгейдегі шараларды қабылдау</p> <p>2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одак туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) 63-бабында белгіленген инфляция деңгейінің сандық мәні асып кеткен жағдайда Еуразиялық экономикалық комиссиямен (бұдан әрі – Комиссия) консультация жүргізу</p> <p>кажет болған кезде Шарттың 63-бабында белгіленген инфляция деңгейінің есептік сандық мәнінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған Комиссия ұсынымдарын есепке алу</p>	<p>Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттердегі (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, Одак) инфляция деңгейінің Шарттың 63-бабында белгіленген сандық мәнге сәйкестігін мониторингтеу</p> <p>Шарттың 63-бабында белгіленген инфляция деңгейінің сандық мәні асып кеткен жағдайда мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен консультация жүргізу</p> <p>Шарттың 63-бабында белгіленген инфляция деңгейінің есептік сандық мәнінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған Комиссия ұсынымдарын әзірлеу</p>	<p>макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету</p>
	<p>мемлекеттік қаржының ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып, ұлттық бюджеттік, соның ішінде борыштық саясатты қалыптастыру</p>	<p>шоғырландырылған бюджеттің жылдық тапшылығының және мемлекеттік басқару секторы борышының Шарттың 63-бабында белгіленген сандық мәндерге сәйкестігін мониторингтеу</p>	

<p>2. Мемлекеттік қаржының тұрақтылығының артыру</p>	<p>шоғырландырылған бюджеттің жылдық тапшылығының және мемлекеттік басқару секторы борышының Шарттың 63-бабында белгіленген мәні асып кеткен жағдайда Комиссиямен консультация жүргізу</p> <p>қажет болған кезде шоғырландырылған бюджет тапшылығын және мемлекеттік басқару секторының борышын азайтуға бағытталған Комиссия ұсынымдарын есепке алу</p>	<p>шоғырландырылған бюджеттің жылдық тапшылығының және мемлекеттік басқару секторы борышының Шарттың 63-бабында белгіленген сандық мәндері асып кеткен жағдайда мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен консультация жүргізу</p> <p>шоғырландырылған бюджет тапшылығын және мемлекеттік басқару секторының борышын азайтуға бағытталған Комиссия ұсынымдарын әзірлеу</p>	<p>макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету бюджеттік және борыштық тұрақтылықты ұстап тұру</p>
<p>3. Халықаралық қағидаттар мен стандарттар негізінде қаржы секторын одан әрі дамыту</p>	<p>халықаралық қағидаттар мен стандарттар негізінде қаржы секторын дамытуға бағытталған ұлттық деңгейдегі шараларды қабылдау</p>	<p>мүше мемлекеттер іске асыратын шараларды талдау</p>	<p>макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету</p> <p>мүше мемлекеттер экономикаларының қаржы секторын дамыту және нығайту</p>
<p>4. Өзара саудада есеп айырысуларда ұлттық валюталарды пайдалануды көңейту үшін жағдай жасау</p>	<p>қажет болған кезде өзара саудада есеп айырысуларда ұлттық валюталарды пайдалануды көңейтуге бағытталған ұлттық деңгейдегі шараларды қабылдау</p>	<p>мүше мемлекеттер іске асыратын шараларды талдау және өзара саудада есеп айырысуларда ұлттық валюталарды пайдалануды көңейту жөнінде ұсыныстар әзірлеу</p>	<p>макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету</p> <p>мүше мемлекеттердің есеп айырысуларында ұлттық валюталардың үлесін ұлғайту</p>

2-багыт. Мүше мемлекеттердің өндірістік әлеуетін күшету

Экономиканың өндірістік

1. Экономиканың өндірістік секторында инвестициялық белсенділікті ынталандыру

кәсіпорындардың инвестициялық ресурстарын жұмылдыруға және олардың әлеуетті инвесторлар үшін тартымдылығын артыруға, сондай-ақ инвестициялық тәуекелдерді азайтуға бағытталған ұлттық стратегиялық және бағдарламалық күжаттарды қабылдау мен орындау шеңберіндегі шараларды іске асыру

мүше мемлекеттер іске асыратын шараларды талдау

			секторына инвестициялар көлемін арттыру
2 . Фылыми-технологиялық және инновациялық саланы дамыту үшін қажетті жағдайлар мен күралдар жасау	еуразиялық жаңа технологиялық платформаларды қалыптастыру жөніндегі бастамаларды дайындау және қарau және оларды еуразиялық даму институттарының катысуымен іске асыру	еуразиялық технологиялық платформаларды қалыптастыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру	О дақтағы фылыми-технологиялық әлеуетін дамыту
3. Цифрлық және ақпараттық технологияларды енгізу және дамыту	Одақтағы сауданың цифрлық экожүйесін құру жөніндегі іс-шаралар жоспарының ("жол картасының") жобасын әзірлеуге катысу күжаттардың электрондық түріне қойылатын Одақ шенберінде біріздендірілген талаптарға сәйкес мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуши субъектілері мен уәкілетті органдары арасындағы өзара іс-кимылдың электронды нысандарын дамыту	Одақтағы сауданың цифрлық экожүйесін құру жөніндегі іс-шаралар жоспарының ("жол картасының") жобасын әзірлеу мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуши субъектілері мен уәкілетті органдары арасындағы өзара іс-кимыл кезінде пайдаланылатын күжаттардың электронды түріне қойылатын талаптарды айқындау мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуши субъектілері мен уәкілетті органдары арасындағы өзара іс-кимыл кезінде пайдаланылатын электрондық күжаттар мен электронды түрдегі құжаттар құрылымдарының жобаларын әзірлеу	мүше мемлекеттердің өзара саудасының көлемін арттыру үшінші елдерге тауарлар мен қызметтердің экспортын өсіру мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуши субъектілері үшін тәжірибелі жағдайлар жасау екімшілік рәсімдерді іске асыру кезінде мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуши субъектілерінің шығындарын азайту
4. Өнеркәсіптің басым салаларында кооперация мен импорт алмастырудагы	мүше мемлекеттердің аумақтарында импорт алмастыратын өнімнің нақты және жоспарлы өндірісін ескере отырып, оны Одақ шенберінде кооперациялық негізде жасау жөніндегі	мүше мемлекеттердің аумақтарында импорт алмастыратын өнімнің нақты және жоспарлы өндірісін ескере отырып, оны Одақ шенберінде кооперациялық негізде жасау жөніндегі	

<p>интеграциялық өзара іс-кимыл мәселелері жөніндегі жоғары деңгейдегі жұмыс тобы шеңберінде импорт алмастыратын коопéraциялық жобаларды жүзеге асыруда мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік кәсіпорындарын қолдау механизмін қалыптастыру</p>	<p>жобаларды іске асыру мақсатында мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік кәсіпорындарын қолдау механизмін қалыптастыру туралы мәселені өнеркәсіптің басым салаларындағы коопéraция мен импорт алмастырудағы интеграциялық өзара іс-кимыл мәселелері жөніндегі жоғары деңгейдегі жұмыс тобының қарауына катысу</p>	<p>жобаларды іске асыру мақсатында мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік кәсіпорындарын қолдау механизмін қалыптастыру туралы мәселені өнеркәсіптің басым салаларындағы коопéraция мен импорт алмастырудағы интеграциялық өзара іс-кимыл мәселелері жөніндегі жоғары деңгейдегі жұмыс тобының қарауын қамтамасыз ету</p>
<p>5. Косылған құны жоғары өнім шығару жөніндегі қуаттарды арттыру және өнеркәсіптік коопéraцияны қүштейту</p>	<p>"Еуразиялық өнеркәсіптік коопéraция, субконтрактация және технологиялар трансфери " жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоғары деңгейлі жоспарын іске асыруға катысу</p>	<p>"Еуразиялық өнеркәсіптік коопéraция, субконтрактация және технологиялар трансфери " жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоғары деңгейлі жоспарын бекіту және оны іске асыруға катысу</p>
<p>6. Өнеркәсіпте мемлекетаралық бағдарламалар мен интеграциялық жобаларды іске асыру және Одақтың агроенеркәсіптік секторында осындай жобаларды қалыптастыру</p>	<p>ұлттық ғарыш жүйелерінің интеграциясы саласында мемлекетаралық бағдарламалардың жобаларын әзірлеу</p> <p>Одақтың өнеркәсібінде және агроенеркәсіптік секторында мемлекетаралық бағдарламалар мен өуазиялық коопéraциялық жобаларды әзірлеу жөнінде бастама дайындау</p>	<p>ұлттық ғарыш жүйелерінің интеграциясы саласында мүше мемлекеттердің іс-кимылын үйлестіру</p> <p>еуазиялық коопéraциялық жобаларды басқарудың тиімді жүйесін тұзу жөнінде ұсыныстар дайындау</p>

3-багыт. Одақтың ішкі нарығын дамыту және сыртқы әріптестермен ынтымақтастықты нығайту

<p>1. Кедергілерді анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ Одақтың ішкі нарығындағы алып</p>	<p>Одақтың ішкі нарығының ұлттық сегменттеріне өзара қол жеткізу үшін кедергілердің, алып қоюлардың және шектеулердің болуы</p>	<p>мүше мемлекеттердің өзара саудасының өсүі тауарлардың, қызметтер көрсетудің, капиталдың,</p>
---	---	---

<p>қоюлар мен шектеулерді, оның ішінде Шарттың тиісті ережелеріне және Одақ органдарының оны дамыту үшін қабылданған актілеріне езгерістер енгізу арқылы кезең-кезеңімен қысқарту жөніндегі жұмысты жалғастыру</p>	<p>туралы ақпаратты, сондай-ақ Одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуіне кедергі болатын кедергілерді, алып қоюларды және шектеулерді жою мүмкіндігі туралы ақпаратты Комиссияға жіберу</p>	<p>коюлардың және шектеулердің болуын анықтау, сондай-ақ Одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуіне кедергі болатын кедергілерді, алып қоюларды және шектеулерді жою мүмкіндігін айқындау</p>	<p>жұмыс күшінің еркін қозғалысы үшін жағдайлар жасау мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуі субъектілерінің басқа мүше мемлекеттердің нарықтарына шығуын оңайлату</p>
<p>2. Мүше мемлекеттердің трансшекаралық нарықтарында қолайлы бәсекелестік ортаны қалыптастыру және бәсекелестікті қорғау</p>	<p>О дақтың трансшекаралық нарықтарында жалпы бәсекелестік қағидаларын бұзу белгілерінің болуы туралы ақпаратты қамтитын материалдарды мүше мемлекеттердің монополияға қарсы (бәсекелес) органдарынын беруі</p>	<p>әлеуметтік маңызы бар тауарлар нарықтарында және экономиканың жоғары технологиялық салаларында бәсекелі жағдайлар жасау мақсатында мүше мемлекеттердің монополияға қарсы (бәсекелес) органдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асырумен қоса, Одақтың трансшекаралық нарықтарында жалпы бәсекелестік қағидаларының сақталуын бақылау</p>	<p>О дақтың трансшекаралық нарықтарында бәсекені шектеу белгілері анықталған жағдайда, бәсекені қалпына келтіруге және қамтамасыз етуге бағытталған монополияға қарсы дең қою шараларын қабылдау</p>
<p>3. Одақтың көлік-логистикалық әлеуетін дамыту</p>	<p>Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2017 жылғы 14 тамыздағы № 2 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің 2018 – 2020 жылдарға арналған үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын әуе көлігі бөлігінде іске асырудың негізгі бағыттары мен іске асыру кезеңдері жөніндегі іс-шаралар ("жол картасы") жоспарын және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2017 жылғы 25 қазандағы № 3 шешімімен бекітілген 2018 – 2020</p>	<p>Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2017 жылғы 14 тамыздағы № 2 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің 2018 – 2020 жылдарға арналған үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын әуе көлігі бөлігінде іске асырудың негізгі бағыттары мен іске асыру кезеңдері жөніндегі іс-шаралар ("жол картасы") жоспарын және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2017 жылғы 25 қазандағы № 3 шешімімен бекітілген 2018 – 2020</p>	<p>жүк айналымының, жолаушылар айналымының, жүктөр мен жолаушыларды</p>

	<p>бекітілген 2018 – 2020 жылдарға арналған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үйлестірілген (келісілген) көлік саясатының негізгі бағыттары мен іске асыру кезеңдерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар ("жол картасы") жоспарын орындау</p>	<p>жылдарға арналған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үйлестірілген (келісілген) көлік саясатының негізгі бағыттары мен іске асыру кезеңдерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар ("жол картасы") жоспарын іске асыру және орындалуын мониторингтеу</p>	<p>тасымалдау көлемінің өсуі</p>
<p>4. Одақ шенберінде еңбек және білім беру үткірлігі саласындағы мүмкіндіктерді кеңейту</p>	<p>мүше мемлекеттерде берілген ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар туралы құжаттарды, сондай-ақ педагогика, зан, медицина және фармацевтика салаларындағы білім туралы құжаттарды жұмысқа орналасу мемлекетінде тану рәсімінен өткізу қажеттігі бөлігінде Одақтың ішкі нарығындағы алып қоюларды жою туралы мәселені пысықтауга қатысу</p>	<p>мүше мемлекеттерде берілген ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар туралы құжаттарды, сондай-ақ педагогика, зан, медицина және фармацевтика салаларындағы білім туралы құжаттарды жұмысқа орналасу мемлекетінде тану рәсімінен өткізу қажеттігі бөлігінде Одақтың ішкі нарығындағы алып қоюларды жою туралы мәселені мүше мемлекеттермен пысықтау</p>	<p>еңбек ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру</p> <p>еңбек ресурстарының сапасын арттыру үшін жағдайлар жасау</p>
	<p>Комиссияның үшінші елдердің үкіметтерімен ынтымақтастыры</p> <p>бойынша Комиссия мен үшінші елдердің үкіметтері арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумдарды іске асыру мақсатында құрылған жұмыс топтарының отырыстарын өткізу, сондай-ақ АСЕАН мүше мемлекеттер өкілдері қатысатын бірлескен консультацияларды үйімдастыру</p> <p>Одақ пен оған мүше мемлекеттер және мүше</p>	<p>Комиссияның үшінші елдердің үкіметтерімен ынтымақтастыры</p> <p>бойынша Комиссия мен үшінші елдердің үкіметтері арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумдарды іске асыру мақсатында құрылған жұмыс топтарының отырыстарын өткізу, сондай-ақ АСЕАН мүше мемлекеттер өкілдері қатысатын бірлескен консультацияларды үйімдастыру</p> <p>Одақ пен оған мүше мемлекеттер және мүше</p>	<p>үшінші елдермен сауда көлемін және инвестицияларды ұлғайту</p> <p>Одақтың және оған мүше мемлекеттердің саудадағы әріптес мемлекеттермен саудадағы және инвестициялық ынтымақтастырын жандандыру</p> <p>үшінші елдердің нарықтарында мүше мемлекеттер тауарларына қол жеткізу шарттарын оңайлату</p>

	мемлекеттері қауымдастығына (АСЕАН) мүше мемлекеттер катысатын бірлескен консультацияларға катысу	мемлекеттердің саудадағы әріптестері (Мысыр Араб Республикасы, Израиль Мемлекеті, Үндістан Республикасы, Сербия Республикасы және Сингапур Республикасы) арасында саудадағы келісімдер жасасу туралы келіссөздерді ұйымдастыру және өткізу	өзара қызығушылық тудыратын бағыттар бойынша Комиссияның шетелдік әріптестермен ынтымақтастығын жандандыру
5. Сыртқы әріптестермен сауда және экономикалық байланыстарды берендешту және халықаралық ынтымақтастықты дамыту	Одақ пен оған мүше мемлекеттер және мүше мемлекеттердің саудадағы әріптестері (Мысыр Араб Республикасы, Израиль Мемлекеті, Үндістан Республикасы, Сербия Республикасы және Сингапур Республикасы) арасында саудадағы келісімдер жасасу туралы келіссөздерге катысу	саудадағы әріптес мемлекеттердің немесе мүше мемлекеттердің үшінші тараптармен еркін сауда туралы келісімдер жасасу туралы ұсыныстарын Комиссия алаңында қарауды қамтамасыз ету	ұлттық және ұлттықтан жоғары деңгейлерде
	үшінші тараптармен еркін сауда туралы келісімдер жасасудың орындылығын зерделеу жөнінде зерттеулер жүргізу	еркін сауда туралы келісімдер жасасудың орындылығын зерделеу жөніндегі зерттеу топтарының жұмысын ұйымдастыру және тиіsti топтар жұмысының қорытындыларын Комиссияның қарауын қамтамасыз ету	
	мүше мемлекеттер қызығушылық танытқан жағдайда үшінші тараптармен еркін сауда туралы келісімдер жасасу туралы ұсыныстар дайындау	жана әріптестермен еркін сауда туралы келісімдер жасасудың орындылығын зерделеу жөнінде бірлескен зерттеу топтарын ықтимал құру жөнінде ұсыныстар тұжырымдау	
	әлеуметтік-экономикалық дамудың және құқықтық реттеудің ерекшеліктерін ескере отырып, мүше мемлекеттердің заңнамасына Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ӘЫДҰ) ең үздік практикаларын енгізу	Одақ шенберінде ЭЫДҰ ұсынымдары мен ең үздік практикаларын пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныстар дайындау	
		Дүниежүзілік сауда ұйымы органдарының сауда саясаты мәселелері	

	жөніндегі іс-шараларына қатысу	құқықтық реттеуді жетілдіру
--	-----------------------------------	--------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК